

Аз қамтамасыз етілген отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үйді ұстау және коммуналдық қызметтерді тұтыну ақысын төлеуге тұрғын үй көмегін көрсету Ережесі туралы

Маңғыстау облыстық Мәслихатының 2002 жылғы 14 мамырдағы N 19/195 шешімі. Маңғыстау облысының әділет басқармасында 2002 жылғы 24 мамырда N 887 тіркелді

"Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 11) тармақшасына және "Тұрғын үй қатынасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 97-бабы 2-тармағына сәйкес облыстық Мәслихат шешім етті:

1. Аз қамтамасыз етілген отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үйді ұстау және коммуналдық қызметтерді тұтыну ақысын төлеуге тұрғын үй көмегін көрсетудің Ережесі бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. Қалалар мен аудандардың әкімдеріне, облыстық еңбек, тұрғындарды жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасына аз қамтамасыз етілген отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін уақтылы тағайындауды және төлеуді ұйымдастыру ұсынылсын.

3. Облыстық қаржы басқармасына тұрғын үй көмегін төлеу шығындарын жергілікті бюджет қаржысы есебінен қаржыландыруды қамтамасыз ету ұсынылсын.

4. Осы шешім жариялаған күнінен бастап күшіне енеді.

Сессия Төрағасы
хатшысы

Облыстық Мәслихаттың

Аз қамтамасыз етілген отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үйді ұстау және коммуналдық қызметтерді тұтыну ақысын төлеуге тұрғын үй көмегін көрсету Ережесі

Осы Ереже "Тұрғын үй қатынасы туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі N 94-І Заңына (Қазақстан Республикасы 1999 жылғы 7 маусымдағы N 391-І, 1999 жылғы 16 қарашадағы N 477-І, 2001 жылғы 10 шілдедегі N 227-ІІ енгізілген Заңдарымен, өзгерістермен), "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148-ІІ Қазақстан Республикасы Заңына, "Байланыс туралы" 2004 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 12 сәуірдегі N 437 қаулысымен бекітілген "Аз қамтамасыз етілген азаматтарға тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге тұрғын үй жәрдемақысын берудің тәртібі туралы Уақытша Ережеге" сәйкес жасалды және аз қамтамасыз етілген

отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үйді ұстау және коммуналдық қызметтерді тұтыну ақысын төлеуге тұрғын үй көмегін көрсету тәртібін айқындайды. <*>

Ескерту. Кіріспе толықтырылды - Маңғыстау облысы мәслихатының 2004 жылғы 27 қазандағы N 7/119 шешімімен .

1. Жалпы қағидалар

1. Тұрғын үйді ұстау және коммуналдық қызметтерді тұтыну ақысын төлеуге тұрғын үй көмегі (бұдан әрі - тұрғын үй көмегі) - халықтың аз қамтамасыз етілген жіктеріне тұрғын үйді (жеке меншік тұрғын үйді ұстаудан басқа) ұстау мен коммуналдық қызметтерді тұтынуға ақы төлеу жөніндегі шығындардың орның толтыру ү ш і н б е р і л е т і н ө т е м .

2. Тұрғын үй көмегі халыққа әлеуметтік көмек нысандарының бірі болып табылады және осы жерде тұрақты тұратын және тұрғын үйдің иесі немесе жалға алушы (жалдаушы) болып саналатын аз қамтамасыз етілген отбасыларына (азаматтарға) б е р і л е д і .

3. Тұрғын үй көмегін тағайындау және төлеу жөніндегі уәкілетті орган аудандық, қалалық еңбек, тұрғындарды жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау бөлімдері болып табылады (бұдан әрі - уәкілетті орган).

4. Тұрғын үй көмегі тұрғын үйді ұстау және коммуналдық қызметтерді тұтынуға ақы төлеуге отбасының нақты шығындары осы мақсаттарға шекті шығындар үлесінен асқан кезде тағайындалады, ол отбасының жиынтық табысының 30 пайызы ретінде есептеледі. Мұнда отбасының нақты шығындары әлеуметтік нормалары шегінде е с к е р і л е д і .

5. Отбасының жиынтық табысы Қазақстан Республикасындағы Еңбек және тұрғындарды әлеуметтік қорғау Министрінің 2002 жылғы 13 ақпандағы N 31-Б бұйрығымен бекітілген "Атаулы әлеуметтік көмек алуға үміткер адамның (отбасының) жиынтық табысын анықтаудың Ережесіне", Еңбек және тұрғындарды әлеуметтік қорғау Министрлігінің "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек заңнамасын қолдану тәртібі туралы" 2002 жылғы 27 наурыздағы N 11-1-11/1367 ұсынысына сәйкес е с е п т е л е д і .

6. Әлеуметтік нормалар және тұрғын үй көмегін есептеу кезінде қолданатын тұрғын үй шығындарының мөлшерін, коммуналдық қызметтерді тұтыну нормативтерін (пайдалану шығындары, жылу - сумен жабдықтау, газбен жабдықтау, канализация, электрмен жабдықтау, қоқыс шығару және лифтілер қызметі) облыс әкімі белгілейді.

Телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы төлеу қалалық телекоммуникациялар желілеріне қосылған телефон үшін абоненттік ақының ұлғаю сомасын тұрғын үй ұстауға, коммуналдық қызметтерді және байланыс қызметтерін тұтыну ақысы жөніндегі шығыстардың құрылымына енгізу жолымен жүзеге а с ы р ы л а д ы . < * >

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - Маңғыстау облыстық мәслихатының 2003

жылғы 10 желтоқсандағы N 2/28 ; толықтырылды - Маңғыстау облысы мәслихатының 2004 жылғы 27 қазандағы N 7/119 шешімдерімен .

7. Тұрғын үй көмегінің мөлшерін уәкілетті органдар ай сайын, осы айға бекітілген тарифтер, тұрғын үйді ұстау жөніндегі шығындар құны мен тұтынылған коммуналдық есептер санына сай есептейді.

8. Тұрғын үй көмегін есептеу үшін барлық коммуналдық қызметтерге тарифтер мен олардың өзгерістерін қызмет көрсетушілер береді.

2. Тұрғын үй көмегін берудің шарттары

9. Тұрғын үй көмегін тағайындауды үміткер адамдар (отбасылар) оны ресімдеу үшін уәкілетті органға төмендегідей құжаттар тапсырады:

ө т і н і ш ;

ж е к е к у ә л і г і ;

салық төлеушінің тіркелу нөмірі (бұдан әрі - СТТН);

тұрғын үйді жекешелендіру шарты немесе сату-сатып алу туралы шарт немесе сыйлау шарты немесе мұрагерлік құқығы туралы куәлік немесе тұрғын үйді жалдау шарты немесе тұрғын үйді жалға алу шарты;

отбасы құрамы туралы анықтама немесе үй кітабы;

өткен тоқсандағы отбасының табыстары туралы анықтама: еңбек табыстары, зейнетақылары, жәрдемақылары және мәлімдеген басқа табыстарының құжатты куәландырылған сомалары;

жұмыссыздар үшін жұмыспен қамту бөлімінен анықтама;

тұрғын үйді ұстау мен коммуналдық қызметтерді тұтынуға ақы төлеуге есеп кітапшалары, анықтама - шифр ашушылар (жировкалар);

газ үшін есеп кітапшалары (анықтамалар);

қалалық телекоммуникациялар желісінің абоненті екендігін растайтын (шарт не түбіртек - телекоммуникация көрсеткен қызметтері үшін есеп) құжаты. <*>

Ескерту. 9-тармақ толықтырылды - Маңғыстау облысы мәслихатының 2004 жылғы 27 қазандағы N 7/119 шешімімен .

10. Жеке меншігінде біреуден көп тұрғын үйді (пәтер, үй) бар немесе тұрғын үйін жалға (жалға алуға) немесе жалдауға беретін адамдар тұрғын үй көмегін алу құқынан айрылады.

11. Жанжалды, даулы және қалыптан тыс жағдайлар туындаса тұрғын үй көмегін тағайындау мәселесін шешу атаулы әлеуметтік көмек сұраған адамдарың (отбасылардың) материалдық жағдайын тексеретін учаскелік комиссияның қарауына өткізілуі мүмкін.

12. Егер отбасыларында 1 және 2 топтағы мүгедектерге, 16 жасқа дейінгі бала кезінен мүгедектерге, 80 жастан асқан адамдарға күтім жасайтын және 3 жасқа дейінгі (бір және одан көп) баланы тәрбиелеумен шұғылданушы, сондай-ақ төрт және одан көп балаларды тәрбиелеумен шұғылданушы кіші баласы 1 сыныпты (бірақ 9 жастан

аспаған) бітіргенге дейінгі жандардан басқа, жұмыспен қамту жөніндегі органдарда тіркелмеген еңбекке жарамды азаматтары бар болса, ол отбасыларына тұрғын үй көмегі тағайындалмайды.

13. Ұсынылған жұмыспен жұмысқа орналастырудан дәлелсіз бас тартқан, қоғамдық жұмыстарға, оқыту мен қайта оқытуға қатысуды тоқтатқан жұмыссыздар 6 ай мерзімге тұрғын үй көмегін алу құқығын жоғалтады.

14. Тұрғын үй көмегін алушылар 10 күннің ішінде өз тұрғын үйінің меншік нысанының кез келген өзгерістері туралы, отбасы құрамы мен оның жиынтық табысы туралы, сондай-ақ мәртебесі туралы уәкілетті органдарға хабарлауға тиіс.

15. Өтініш беруші тапсырған мәліметтерінің толықтығы мен дұрыстығы үшін Қазақстан Республикасының Заң актілеріне сәйкес жауап береді.

3. Тұрғын үй көмегін тағайындау

16. Тұрғын үй көмегін тағайындау немесе бас тарту туралы шешімдер осы Ереженің 9 бабына сәйкес тұрғын үйді жалға алушының (меншік иесінің) өтініші мен оған тіркелген құжаттардың негізінде қабылданады.

17. Тұрғын үй көмегі үйге құқығы болған кезде хабарласқан айдан бастап және ағымдағы тоқсанның аяғына дейін тағайындалады.

18. Тұрғын үй көмегінің мөлшері өтемдік шаралармен қамтамасыз етілетін әлеуметтік нормалар шегінде тұрғын үйді ұстау мен коммуналдық қызметтерді тұтыну үшін жалға алушының (меншік иесінің) нақты төлемі және бұл мақсаттарға осы отбасы шығындарының шекті деңгейі арасындағы айырмасы ретінде есептеледі.

Тұрғын үй көмегінің мөлшерін анықтау үшін формула:

$$П = НПЖ - (dxt)$$

Мұнда П - тұрғын үй көмегінің мөлшері;

НПЖ - тұрғын үй үшін есептелетін төлемдер (белгіленген әлеуметтік нормалар шегінде);

д - отбасының жиынтық табысы;

t - тұрғын үй ақысын төлеуге шығын нормативі (=30%).

19. Ұсынылған ақпараттың дұрыстығына күмән туған жағдайда уәкілетті орган құжаттарды өтініш беруші мен оның отбасының материалдық жағдайын тексеруге учаскелік комиссияға жіберуге құқығы бар.

4. Тұрғын үй көмегін қаржыландыру және төлеу

20. Тұрғын үй көмегі аудандық және қалалық бюджет қаражаты есебінен көрсетіледі.

21. Тұрғын үй көмегі төлеу төмендегіше іске асырылады:

"Қазақстан Халық Банкі" ААҚ Маңғыстау облыстық филиалы (бұдан әрі - банк) арқылы облыстық еңбек, тұрғындарды жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы мен банк арасында жасалған Агенттік келісімге сәйкес; тұрғын үй көмегінің мөлшері көрсетіле отырып, қызмет көрсетушілері

кәсіпорынның есепшоттарына тағайындалған сомаларды аудару арқылы.

22. Уәкілетті орган алушының тегін, атын, әкесінің атын, СТТН-н, жинақтары бойынша жеке есепшотының нөмірі, жеке куәлігінің мәліметтері мен үйінің мекен-жайын көрсете отырып, тізімдерді түзеді.

23. Ай сайын тағайындалған тұрғын үй көмегі тізімі негізінде қызмет көрсетуші-кәсіпорынмен тағайындалған көмектің сомасына 2 данада кесім-салыстырулар жасалады. Кесім-салыстыруларға уәкілетті орган мен коммуналдық қызметтерді жеткізуші кәсіпорынның өкілдері қол қоюға тиіс.

24. Уәкілетті орган тұрғын үй көмегін төлеуге жасалған тізімдердің негізінде және олардың қорытынды сомаларымен толық сәйкес отбасылар мен олардағы мүшелерінің санын көрсете отырып, қаржыландыруға тапсырысты ағымдағы айдың 20-жұлдызына дейін аудандық және қалалық қаржы бөлімдеріне банкіге комиссиялық сыйақысымен ж і б е р е д і .

25. Тұрғын үй көмегі заңсыз тағайындалған құжаттарды бұрыс ресімдегені үшін лауазымды адамдар заңнамамен белгіленген тәртіпте жауапқа тартылады.

5. Есеп беру

26. Уәкілетті органдар, ай сайын, төлем жасалған айдан кейінгі айдың 5-жұлдызынан кешіктірмей төленген сомалар бойынша банкпен кесімдік - салыстырулар ж а с а й д ы .

27. Уәкілетті органдар, ай сайын, әр айдың 10-жұлдызынан кешіктірмей, жүргізілген кесімдік - салыстырулардың негізінде тұрғын үй көмегінің саны мен төленген сомасы бойынша есеп жасайды және облыстық еңбек, тұрғындарды жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасына береді.

28. Уәкілетті органдар тоқсан сайынғы белгіленген нысандағы есебінде аудандық, қалалық қаржы бөлімдеріне, облыстық еңбек, тұрғындарды жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасына және облыстық қаржы басқармасына тұрғын үй көмегінің тағайындалған және төленген сомалары туралы ақпараттар тапсырады.

6. Бақылау

29. Тұрғын үй көмегін тағайындауының дұрыстығына бақылауды облыстық еңбек, тұрғындарды жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы, қаржы басқармасының органдары арқылы іске асырылады.